

"Күзет қызметін жүзеге асыру үшін біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 959 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2021 жылғы 19 тамыздағы № 489 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 25 тамызда № 24099 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Күзет қызметін жүзеге асыру үшін біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 959 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10371 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Күзет қызметін жүзеге асыру үшін біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесінде:

3-тарау мынадай редакцияда жазылсын:

"

3-тарау. Жеке күзет ұйымдары, оның ішінде филиалдары мен өкілдіктері террористік тұрғыдан осал объектілерді күзету үшін:

1	күзет қызметтерін көрсету саласында кемінде бір жыл жұмыс тәжірибесінің	күзет қызметін жүзеге асыруға лицензия	"Е-лицензиялау" мемлекеттік деректер базасы" ақпараттық жүйесінен (бұдан әрі – ЕЛ МДБ АЖ) алу
2	меншік не жалға алу құқығында орталықтандырылған күзет пунктін орналастыруға арналған офистік үй-жайының	Орталықтандырылған күзет пунктіннің жұмыс істеуі үшін алаңның болуын растайтын меншік құқығына құжаттар не жалға алу шарты	"Жылжымайтын мүлік тіркелімі" мемлекеттік деректер базасы" ақпараттық жүйесінен алу не жалға алу шарты
3	орталықтандырылған бақылау пультінің	Штаттық орналастыру. Мыналардың: 1) күзет объектілерінде орнатылған қабылдау-бақылау аспаптарынан сигналдарды қабылдауды жүзеге асыратын компьютерлік техниканың және тиісті бағдарламалық қамтамасыз етудің; 2) күзет объектілерінен деректерді сақтауға арналған меншікті қорғалған сервердің болуын растайтын техникалық	Осы талапқа сәйкестігін өтініш беруші (лицензиар) қызметті жүзеге асыру орны бойынша лицензиардың бөлімшесіне тиісті

		құжаттама (түгендеу нөмірлері, жүкқұжаттар, фискалдық чектер немесе басқа құжаттар)	құжаттарды жолдау кезінде растайды
4	радиобайланыстың	Тиісті радиожилік органы берген радиожилік спектрін пайдалануға рұқсат не жиілігі бар радиобайланыстарға абоненттік (жалға алу) қызмет көрсетуге арналған шарт	Осы талапқа сәйкестігін өтініш беруші (лицензиар) қызметті жүзеге асыру орны бойынша лицензиардың бөлімшесіне тиісті құжаттарды жолдау кезінде растайды
5	объектілерден дабыл сигналдарына шығуды қамтамасыз ететін кемінде екі мобильді топтарының (жедел ден қою топтарының)	Меншік құқығындағы көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік Штаттық орналастыру және қызметкерлер санының нормативін негізге ала отырып, мобильді топтарды (жедел ден қою топтарын) құру және қызметкерлерді тағайындау туралы бұйрықтар	Осы талапқа сәйкестігін өтініш беруші (лицензиар) қызметті жүзеге асыру орны бойынша лицензиардың бөлімшесіне тиісті құжаттарды жолдау кезінде растайды
6	қызметтік, оның ішінде атыс қаруының болуын көздейтін талаптарға сәйкес келуі тиіс	Қару мен оның патрондарын сатып алуға, сақтауға, сақтауға және алып жүруге рұқсат	ЕЛ МДБ АЖ-дан алу

"

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Күзет қызметін бақылау департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер Министрі

Е. Тургумбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, инновациялар

және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК